

# Ержүрек курсант

Орынбасар УАҚПАЕВА, Қостанай қаласы

*Қостанай қаласында ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының 4-курс курсанты, полиция сержанты Оңайбек Оразақов қылмыс жасаған күдіктіні ұстады.*

Ол кешкілік бос уақыты кезінде Арыстанбеков көшесі бойында жолдың арғы жақ бетінен таныс емес әйел адамның көмек сұрап айғайлаған дауысын естиді. Әйел адам қолын нұсқап сөмкесін ұрлап қашып бара жатқан ер адамды көрсетеді. Сол уақытта Оңайбек мүдiрместен сөмкені ұрлап бара жатқан күдіктінің артынан тағы да бір жас жігіттің қуып бара жатқанын көріп, дереу көмек беруге жүгіре жөнеледі. Күдікті артынан қуып келе жатқан екі адамды көріп, жылдам қолындағы сөмкені жерге лақтырып жібереді. Оның мұндай әрекетіне қарамастан, олар күдіктіні ұстайды. Осы уақытта Оңайбек күдіктінің артынан қуып келген адамның Қостанай облыстық ІІД Жедел қимылдайтын арнайы жасағының инспекторы, полиция аға лейтенанты Жандос Райымбеков екенін біледі. Осыдан кейін, жедел бақылау орталығының «102» нөміріне хабарласып, құқық бұзушыны Қостанай қалалық ІІБ Оңтүстік бөлімінің тергеу-жедел тобының қызметкерлеріне тапсырады. Күдікті істеген ісін мойындап, ұрланған сөмке тәркіленді.

Курсант бола тұра, ержүректілігімен көзге түскен Оңайбек болашақ тәртіп сақшысының қырағылығын, мұқияттылығын, беріктігін, сондай-ақ, құқық бұзушылықтың жолын кесуге деген ынтасын, адамдарға қол ұшын беруге даяр тұратындығын дәлелдеді.

ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының бастығы, полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов 4-курс курсанты, полиция сержанты Оңайбек Оразақовтың істеген ісін жоғары бағалап, марапаттауға ұсынды. Сондай-ақ, Қостанай облыстық Ішкі істер департаменті баспасөз қызметінің бас маманы Балсұлу Алекенова күдіктінің бұрын сотталған азамат екенін, қазіргі кезде тергеп-тексеру істері жүргізіліп жатқанын хабарлады.

Оқу ордасында білім алып жүрген болашақ тәртіп сақшыларының берген анттарына беріктігі мен ержүректілігі туған еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігінің сақталуына қосар елеулі үлестерінің бірі деп білеміз.